**2-апта (04.10-08.10.2021 жыл)**
**№9 «Балдырған» кіші топ**

**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»**
**Апталық тақырып: "Менің көшем. Мен тұратын үй"**
**Мақсаты:** Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру,тақырып жайында ұғымдарын кеңейту, өздерінің тұратын көшелері туралы әңгімелету сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын байыту, отбасында үлкендерді сыйлап , кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу, балабақша мен үйде мінез-құлық қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру, туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.
**Міндеттері:**
-отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу;
- көргендерін суреттеп беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айтуға бейімдеу.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>04.10.2021 | Сейсенбі<br>05.10.2021 | Сәрсенбі<br>06.10.2021 | Бейсенбі<br>07.10.2021 | Жұма<br>09.10.2021 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен амандасу. Балалардың дене қызуын тексеріп, тазалықтарын қадағалау. Саусақ жаттығуларын жасату. Таңертеңгілік жаттығу жасау. | | | | |
| **Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен амандасу. Балаларын уақытылы әкеліп, алуларын сұрау. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Саусақ жаттығуы. "Күн" жаттығуы.**<br>Қолдарын бір-біріне айқастырып, саусақтарының арасын ашып, күн сәулесі сынды қимыл жасайды.<br>Жарқырайды күннің көзі,<br>Нұрын шашып далаға.<br>Күн сәулесін төгеді,<br>Бақыт сыйлап балаға. | **Көзге жаттығу. "Көбелек" жаттығуы.**<br>Көбелектің ұшуын көзбен ілесіп қарап отыру. Көбелек оңға, солға, жоғары, төмен ұшады. | **Үстел үсті ойыны. "Құрылыс ойындарын ойнаймыз".**<br>**Мақсаты:** Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру.Түстерін айтқызу. | **Дидактикалық ойын:«Не жоқ?»**<br>**Мақсаты:** Ойынды ойыншықтармен ойната отырып,балалардың ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. | **Ойын- жаттығу "Ақ қоян"**<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Орныңнан тұрсаңшы<br>Бетіңді жусаңшы.<br>Айнаға қара,<br>Шашыңды тара. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгілік жаттығу кешені "Жалаушамен"** | | | | |
| **Таңғы ас** | Дұрыс отырып, сөйлемей ұқыпты тамақтануға үйрету. Тамақты төкпей-шашпай, ұқыпты ішуге, тамақтанып болған соң, "алғыс" айтуға үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық** | **Мақал-мәтелдер айту:**<br>1. Отан оттан да ыстық.<br>2. Отан елдің анасы.<br>3. Отан үшін күрес - ерге тиген үлес. | **Дидактикалық ойын: "Кім не істейді?"**<br>**Мақсаты:**.Қажет сөздерді қолдана білуге үйрету. | **Саусақ жаттығуы:**<br>"Жай және жылдам".<br>Шапалақта қолыңды,<br>Жай, жай, жай! Міне былай!<br>Шапалақта қолыңды,<br>Тез, тез, тез! Тез, тез, тез!<br>Алға қарай адымда,<br>Жай, жай, жай! Міне былай!<br>Жолыңнан еш жаңылма,<br>Тез, тез, тез! Тез, тез, тез! | **Дидактикалық ойын: "Затты ал"**<br>**Мақсаты:**Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету. | **Өлең жолдарын қайталау.**<br>"Отан".<br>М. Хакімжанов.<br>Отан - жерім, Отан - күнім,<br>Отан - қуат, нәр береді.<br>Отан - ұран, Отан - туым,<br>Отан мәңгі гүлденеді. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1."Таным"**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Менің көшем»**<br>**Мақсаты:** Балаларға өздерінің тұратын көшелері туралы түсінік бере отырып, әңгімелесу, балалардың жағымды эмоциясын және өз үйі жайында әңгімелеуге ынтасын тудыру.<br>**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, көрсету, өздерінің көшелерін айту, сұрақ-жауап, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа | **1."Шығармашылық"**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Жүгіреміз, жүреміз»**<br>Г.Абдрахманова<br>**Мақсаты:** Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, балалардан көшелері туралы сұрау. Әнді таза, сөзін анық айтуға үйрету.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл:<br>«Жалаушамен жаттығу»<br>**2."Денсаулық"**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ата әжеге барар жолда»**<br>**Мақсаты:** Балаларға | **1."Қатынас"**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Шұбар тауық»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ертегіні тыңдай білуге үйрету, балаларды кейіпкерлерінің әрекеттері мен жүріс – тұрысын талдауға, оларға баға беруге үйрету арқылы ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Шығармашылық"**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Біз қыдыруға барамыз»**<br>**Мақсаты:** Балаларға | **1."Шығармашылық"**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Жүгіреміз, жүреміз»**<br>Г.Абдрахманова<br>**Мақсаты:** Әнді қайталату, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл:<br>«Жалаушамен жаттығу»<br>**2."Денсаулық"**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ата әжеге барар жолда»**<br>**Мақсаты:** Балаларға ата әжелерін | **1."Денсаулық"**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Маша қонаққа келді»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өз жанұя мүшелерін атай білуге, өз отбасы жайлы әңгімелей отырып,<br>Машамен бірге серуендей отырып, қыл көпірден еңбектеу.Аяқ іздерді басып, құлап кетпей жүру.<br>**2."Таным"**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Үйшік»**<br>**Мақсаты:** Балаларды құрылыс материалдарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланысты суреттер | ата әжелерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, шектелген жолдар бойымен жүріп, ектелген жолдар бойымен жүруге үйрету. Басқа балалармен бірге бірлесіп қимылдар орындау дағдыларын қалыптастыру. | саусақтар көмегімен іздерді салу әдісін үйрету. Саусақ бұлшықеттерін және қимыл – қозғалыстарын жетілдіру. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, көрсету, ертегі тыңдау, саусақпен жұмыс жасау, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. **Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер | құрметтеуге тәрбиелей отырып, шектелген жолдар бойымен жүріп, ектелген жолдар бойымен жүруге үйрету. Басқа балалармен бірге бірлесіп қимылдар орындау дағдыларын қалыптастыру. | жұмыс жасай білуге үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтың ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарды кеңістікте орналастыра білу. **Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, үйшік жасау, сұрақ-жауап, пішіндерді ажырату, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. **Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **1. Бақылау:** Ауа райын бақылау. **2. Еңбек:** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинату. **3. Қимылдық ойын:** «Жалаушаға қарай жүгір» **Мақсаты:** балаларды шапшандыққа үйрету. **4. Жеке жұмыс:** Сезіммен отбасы туралы әңгімелесу. **5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Аула ішін бақылау. **2. Еңбек:**Ойын алаңындағы тастарды жинату. **3. Қимылдық ойын:** «Автомобильдер мен торғайлар» **Мақсаты:** ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. **4. Жеке жұмыс:**Рахманнан түстерді сұрау. | **1. Бақылау:** Бұлттарды бақылау. **2. Еңбек:** Ересек балаларды бақылау. **3. Қимылдық ойын:** «Маған қарай жүгіріңдер» **Мақсаты:** белгі бойынша әрекет етуге баулу. **4. Жеке жұмыс:** Інжуден көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету. | **1. Бақылау:** Күз мезгілін бақылау. **2. Еңбек:** Құстарды бақылап, оларға жем беру. **3. Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен мысық» **Мақсаты:** тәрбиешіні мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **4. Жеке жұмыс:** Әлжаннан өзі білетін тақпағын сұрап,айтқызу. | **1. Бақылау:** Аспанды бақылау. **2. Еңбек:** Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау. **3. Қимылдық ойын:**"Күн мен жаңбыр" **Мақсаты:** есту қабілеттерін аттыру. **4. Жеке жұмыс:** Шамильден "рұхсат" сұрауды үйрету. **5. Еркін ойындар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **5. Еркін ойындар.** | **5. Еркін ойындар.** | **5. Еркін ойындар.** | |
| **Серуеннен оралу** | Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті қолдарын жуу, сабындау. | | | | |
| **Түскі ас** | Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Асты төкпей, мұқият ішуге дағдыландыру, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. "Рахмет" сөзін айтқызу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балаларды жай музыка әуенімен ұйықтату. | | | | |
| | Жәй әуенмен балаларды ұйқыға жатқызу. | "Бауырсақ" ертегісін оқып беру. | Жылы сөз айтып,ұйықтатқызу | Жәй әуенмен балаларды ұйқыға жатқызу. | "Ұсқынсыз үйрек" ертегісін оқып беру |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балалардың бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату. Түкті кілемше үстімен жүргізу. | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | **Сюжеттік ойын: "Дәрігер".** **Мақсаты:** Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. | **Дидактикалық ойын: "Кім не істейді?"** **Мақсаты:**.Қажет сөздерді қолдана білуге үйрету. | **Дидактикалық ойын: "Алыста ма, жақында ма?".** **Мақсаты:** Затқа дейінгі аралықты өлшеу, жақын ба, алыс па. Қажет сөздерді қолдана білу. | Доппен ойындар ұйымдастыру: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды тарту. | **Дидактикалық ойын: "Кім шапшаң?".** **Мақсаты:** Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Әлжаннан түстерді ажыратуды үйрету. | Інжуден тіл жаттықтыру жаттығуларын жасату, сөйлетуді үйрету. | Шамильден түстерді үйрету. | Сезімнен қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасау. | Рахманнан жыл мезгілдерін сұрау. |
| **Серуенге дайындық** | Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **1 Бақылау:** Күнді бақылау. **2 Қимылдық ойын:** | **1 Бақылау:** Ересек адамдар іс-әрекеттерін бақылау. | **1 Бақылау:** Айналада жүрген құстарды бақылау. | **1 Бақылау:** Күзгі ауа-райын бақылау. **2 Қимылдық ойын:** | **1 Бақылау:** Желді бақылау. **2 Қимылдық ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Күн мен жаңбыр».<br>**Мақсаты:** Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге үйрету.<br>**3 Еркін ойындар.** | **2 Қимылдық ойын:**<br>«Ақ коян».<br>**Мақсаты:** Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту.<br>**3 Еркін ойындар.** | **2 Қимылдық ойын:**<br>«Торғайлар мен мысық».<br>**Мақсаты:**Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге үйрету.<br>**3 Еркін ойындар.** | «Маған карай жүгіріңдер».<br>**Мақсаты**:<br>Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**3 Еркін ойындар.** | «Сұр көжек жуынып жатыр".<br>**Мақсаты:** Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту».<br>**3 Еркін ойындар.** |
| **Балалардың үйіне қайтуы.** | Ата-аналарға балаларының қарындашты дұрыс ұстауларына үйде де жұмыс жасауларын айту. | "Балабақша" тақырыбындағы тақпақты үйде де жаттатуды ата-аналарға айту.<br>Мақсаты: тілдерін дамыту. | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну. | Балаларға түстерді ажыра білуді үйден қадағалауды сұрау. | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айтып, демалыс күндеріне сәттілік тілеп қоштасу. |